

Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарларға қойылатын бірыңғай ветеринариялық талаптардың 18-тарауына өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 25 тамыздағы № 103 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 58-бабының 2-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссия Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 22-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімімен бекітілген Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарларға қойылатын бірыңғай ветеринариялық талаптардың 18-тарауына мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) атауы ", шегірткелердің, энтомофаг-жәндіктердің" деген сөздермен толықтырылсын;

б) бірінші абзац "жапырақ кескіш аралар" деген сөздерден кейін ", шегірткелер, энтомофаг жәндіктер" деген сөздермен толықтырылсын;

в) үшінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Өнірлендіруге сәйкес әкімшілік аумақта немесе шаруашылық аумағында соңғы 24 ай ішінде акарапидозы, американлық шірігі, тропилелапсозы, Aethina tumida қоңызы, еуропалық шірігі, нозематозы, варроатозы (акрацидтерге төзімді таскене түрінің болуы), локустакарозы, критидиозы, аспергиллезі, сферуляриозы, вирустық асқынған параличі, кашмир вирусы, энтопокс вирусы, өсіру үшін арналған үй-жайларда көбейіп кететін таскенелері, сондай-ақ меллитобилері, бракониді, кептірілген жемістер көбелектері (Vitula egmandsae), грегаринозы, спироплазмозы, миоздары (сенотаинозы), тұкті аралар мен аралар үшін ортақ аскосферозы жоқ экспорттаушы елдердің қолайлы шаруашылықтарынан және экспорттаушы елдердің әкімшілік аумақтарынан шығарылатын дені сау шегірткелер мен энтомофаг жәндіктерді Еуразиялық экономикалық одақтың кедендейк аумағына әкелуге және (немесе) мүше мемлекеттер арасында өткізуге рұқсат етіледі.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы

М. Мясникович

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК